

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

№п п/п	Критерилер	Критерийлерге сәйкестік (жауаптың бір нұсқасын атап өту қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымын негіздеу
1.	Диссертация тақырыбы (бекітілген күнге) ғылымды дамыту бағыттарына және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе мақсатты бағдарлама шеңберінде орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалған (бағдарламаның атауын көрсету) 3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (бағытты көрсету)	3) Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсатына сәйкес орындалған, өйткені бағдарламаның мақсаты: «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» деп көрсетілген.
2.	Ғылым маңыздылығы үшін	Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы жақсы ашылған/ашылмаған	Зерттеуде ұлттық ойындардың өскелең ұрпақтың физикалық дамуына, ақыл-ойын жетілдіруге және әлеуметтенуіне негіз болатындығы туралы ой-пікірлер жинақталған; «Ойын» ұғымына берілген анықтамалары кестеге түсірілген (29-бет), ұлттық-қозғалмалы ойындардың бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыру мүмкіндіктері (36-бет) ұсынылған;
3.	Дербестік принципі	Дербестік деңгейі: 1) жоғары 2) орташа;	Диссертациялық зерттеудің дербестік деңгейі орташа. Автор карама-қайшылықтарды белгілеп,

		3) төмен 4) дербестік жоқ	оның шешімі боларлық өзіндік педагогикалық шарттарды «Ұлттық қозғалмалы ойындар» элективті курсы, «Бастауыш мектепте ұлттық –қозғалмалы ойындарды ұйымдастыру әдістемесі» атты арнайы семинарын, «Асық» үйірмесін ұйымдастыруды белгілеген. Бірақ, ұсынып отырған шарттардың бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыруы ғылыми тұрғыда нақты дәлелденбеген; қалыптастыру көрсеткіштері, өлшемдері мен деңгейлерін <u>зерттеу мақсатына қарай</u> ғылыми негіздеу жеткіліксіз.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертацияның өзектілігін негіздеу: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеу тақырыбы <u>ішінара негізделген</u> . Диссертация бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру болғандықтан осы жастағылардың таным ерекшеліктері, танымдық белсенділікті зерттеген ғалымдардың еңбектерін талдау; ұлттық қозғалмалы ойындарды педагогикалық процесте дидактикалық мақсатқа сәйкес пайдалану, олардың мазмұнын, принциптері мен заңдылықтарын айқындау арқылы қарама-қайшылықтарды анықтап, болжамды белгілеуге толық мән берілмеген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын көрсетеді: 1) көрсетеді; 2) ішінара көрсетеді; 3) көрсетпейді	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын <u>ішінара көрсетеді</u> . Өйткені, жұмыс философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация болғандықтан зерттеуде бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері мен тұжырымдамалық негіздемесі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар мен олардың нәтижелері өз алдына бөлімге бөлініп дәлелді көрсетілуі керек. Диссертация мазмұнында «Бастауыш мектепте педагогикалық іс-әрекет жасайтын болашақ

			мамандардың кәсіби даярлығы» қамтылған, зерттеу тақырыбында маман даярлау мәселесі көрсетілмеген.
		4.3.Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертант зерттеу жұмысының мақсатын «дене шынықтыру сабағында ұлттық-қозғалмалы ойындарды пайдалану арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу және әдістемесін тәжірибеде тексеру» деп белгілеген. Бірақ, ғылыми негізделген әдістеме дайындап, тәжірибеге енгізу, содан соң оның нәтижесін тексеру реті ескерілмеген. Зерттеу мақсаты мен міндеттерін анықтауда тақырыппен логикалық байланыс толық сақталмаған.
		4.4.Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық өзара байланысты: 1) толығымен өзара байланысты; 2) ішінара өзара байланыс; 3) өзара байланысы жоқ	Диссертацияның екі бөлімі ішінара өзара байланысты бірақ, логикалық байланысқа мән берілмеген. Өйткені, 1-бөлімде теориялық мәселелерді қарастыру жоспарланады, 2-бөлімді «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың мазмұны» деп атап, анықтау және қалыптастыру эксперименті бағытындағы кейбір жұмыстар атқарылған. Бөлімнің аталуына сәйкес мазмұнды талдау да нақты ашық берілмеген және экспериментке қажетті көрсеткіштер, өлшемдер, деңгейлер және зерттеу әдістері толық емес.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) белгілі шешімдермен салыстырғанда дәлелденген және бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) ішінара талдау; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың дәйексөздерін білдіреді	2.Жұмыста ішінара талдау бар, өйткені диссертант әл-Фараби, Абай, Ыбырай, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сынды басқа авторлардың дәйек сөздерін мысалға алады; ғалымдар Қ.Б.Жарықбаев, Ө.Алдамұратов, А.Темірбеков, М.А.Перленбетов, М.Мұқанов, Ж.Т.Қараев, Т.Тәжібаев, Ж.Ы.Намазбаева, Б.Т.Абыканова, Д.Н.Исабаева, Н.Ж.Жанатбекова және т.б. ғылыми зерттеулерін атап, оларды өз зерттеу тақырыбын негіздеуге қарай талдау жасалмаған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа;	Ғылыми нәтижелер ішінара жаңа (жаңа 25%): -бастауыш сынып оқушыларының

		<p>2) ішінара жаңа (жаңа 25-75%);</p> <p>3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа)</p>	<p>танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың педагогикалық шарттары ретінде <u>өзіндік</u> (өзінше ма?) ұсыныс жасалған;</p> <p>- бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың <u>өзіндік</u> моделі құрылған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның тұжырымдары Жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (жаңа 25-75%);</p> <p>3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа)</p>	<p>5.2 Диссертацияда тұжырымдар берілмеген</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген болып табылады:</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% ғана жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа)</p>	<p>2) ішінара жаңа (25%): «Ұлттық-қозғалмалы ойындар» курсының модульдік оқыту технологиясы бойынша жасалынған оқу-тақырыптық жоспары (107-бет), «Блум» өлшемдеріне сәйкес сабақ жоспары (111-бет) және жаңартылған білім мазмұнына сәйкес талдау жасалған.</p>
6.	Негізгі тұжырымдардың негізділігі	<p>Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми дәлелдерге негізделген/негізделмеген немесе жеткілікті түрде негізделген (qualitative research және өнер мен гуманитарлық ғылымдарға дайындық бағыттары үшін)</p>	<p>Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми дәлелдерге жеткілікті түрде негізделген</p>
7.	Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша мынадай сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Жағдай дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденген;</p> <p>2) жартылай дәлелденген;</p> <p>3) жартылай дәлелденбеген;</p> <p>4) дәлелденбеген</p> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.1 жартылай дәлелденген</p> <p>7.2 иә, тривиальды</p> <p>7.3 Жоқ</p> <p>7.4 Кең</p> <p>7.5 иә</p>

		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ	
8	Шынайылық принципі мен ақпараттың шынайылығы	8.1 Әдіснаманы таңдау - негізделген немесе әдістеме толық сипатталған 1) иә; 2) жоқ	Әдіснаманы таңдау негізделмеген, әдістеме жеткіліксіз сипатталған.
		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдану арқылы алынды: 1) иә; 2) жоқ	1)Ия. Зерттеу нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып диаграммалар және пиктограммалармен көрсетілген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): 1) иә; 2) жоқ	2)Жоқ. Анықтау және қалыптастыру эксперименттерінің мазмұны ашылмаған. Көрсетілген нәтижелерге қандай әдістер негізінде қол жеткендігі анық емес.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер көзі жеткіліксіз. Алыс шетелдік және импакт факторлы журналдарға тақырып бойынша шолу берілмеген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық мәні бар: 1) иә;	Жартылай бар. Өйткені, «таным», «белсенділік», «танымдық белсенділік» сияқты ұғымдардың

		2) жоқ	мәні мен мазмұны теориялық тұрғыдан сипатталғанымен, педагогикалық шарттары мен моделі жеткілікті ашылмағын.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары: 1) иә; 2) жоқ	Жартылай бар. «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» атты электронды оқу құралы әзірленген, бірақ, «Ұлттық қозғалмалы ойындар» атты элективті курс бағдарламасының мазмұны көрсетілмеген.
		9.3 Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75%-ы ғана жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа)	2) Тәжірибеге арналған ұсыныстар ішінара жаңа. Себебі, кейбір өзгерістер мен жаңа ұсыныстар болғанымен, көрсетілген жұмыстардағы формалар дәстүрлі.
10	Жазу және безендіру сапасы	Академиялық жазудың сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташа деңгейден төмен; 4) Төмен.	3) Академиялық жазудың сапасы орташа деңгейден төмен: баяндауда логикалық бірізділік, ойдың бір бірімен сабақтастығы сақталмаған; ойды қайталау байқалады.
11	Шешім	Ресми рецензенттер пікірлеріне мына шешімдердің бірін көрсетеді: 1.Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау; 2.Диссертацияны пысықтауға жіберу; 3.философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.	«Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» деп аталатын диссертацияны пысықтауға жіберу.

Ресми рецензент:
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
Ұлттық университетінің профессоры
п.ғ.к.



Н.Албытова